

№13 Д.Байбосынов атындағы ұлттық мектеп-гимназиясы бойынша
қамқорлық кеңесінің отырысы.

Хаттама № 4

« 19 » 07 2021 жыл

Қатысқандар:

1. Мектеп-гимназия директоры: Д.Болатбекұлы
2. Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары: Ж.Душкенова
3. Әлеуметтік педагог: М.Лұқпанова
4. Мектеп психологі: Сапарова А
5. Қамқорлық кеңесінің төрайымы: Аманғалиева Г.

Күн тәртібінде:

1. 2021 жылы №13 Д.Байбосынов атындағы ұлттық мектеп-гимназиясы бойынша әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың жаз мезгілінде «Жалпыға бірдей оқу заңына сәйкес Шымкент қаласындағы «EVENT-COMPANY» сауықтыру лагеріне қатысуын талаптарға сай ұйымдастыру.

Тыңдалды: Мектеп-гимназия директоры Д.Болатбекұлы күн тәртібіндегі мәселені таныстырып өтті.

Мектеп директоры Д.Болатбекұлы сөз алып әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруды әлеуметтік комиссия мүшелеріне және ата – аналардың арыздары бойынша қарастырылсын.

Әлеуметтік педагог: М.Лұқпанова сөз алып,

Әлеуметтік жағдайы төмен қорғаншылықтағы және жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларды қарастыру керек.

Ата – аналардың бізге берген арыздары бойынша Баймағамбетова Камиланың анасы Баймағамбетова Асия көп балалы отбасы ретінде мектеп директорының атына жазғы лагерьмен қамтамасыз етуді сұрады.

Екінші арыз Рамазан Ерасылдың анасы Сакенова Күнесулу көп балалы отбасы ретінде мектеп директорының атына бұл кісіде арызын жолдап отыр.

Үшінші арыз Шамшиден Дәулеттің анасы Каримова Эльмира көп балалы отбасы ретінде мектеп директорының атына жазғы лагермен қамтамасыз етуді сұрады.

Ата – аналардың арыздары бойынша мысалы: Алматы, Шымкент облысы немесе басқа областың лагерьлеріне жіберуді өтінді.

-Мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай оқушылардың көп екендігін, көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларынан да демалыс лагеріне барып жүргендігі айтылды. Енді биылғы жаз мезгілінде жоғарыда айтылған оқушыларды жіберуге ұсыныс білдіремін. Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе «Қамқорлық» кеңесінің мүшелері шешім қабылдайды.

1. Ата – аналар арыздары бойынша әлеуметтік комиссия лагерге жіберілетін оқушылардың тізімін жасақталсын.
2. Берілген арыздар бойынша мектеп директорына сұраныс берілсін.
3. Оқушылардың тізімін жинақтау және қажетті құжаттарды толықтыру комиссия мүшесі әлеуметтік педагог Лұқпанова Майгулге жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хатшы



Г.Амағалиева

М.Айтжанова